

## **Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары борыштық міндеттемелерінің кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 тамыздағы N 868 Қаулысы

Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының борыштық міндеттемелерін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2004 жылғы 1 қазанға дейін қабылдап алу-беру актісіне қол қоя отырып, Еңбекшілдер, Зеренді және Щучинск аудандарының және Көкшетау қаласының республикалық бюджет алдындағы 508158700 (бес жүз сегіз миллион жүз елу сегіз мың жеті жүз) теңге және 5954279 (бес миллион тоғыз жүз елу төрт мың екі жүз жетпіс тоғыз) АҚШ доллары сомасына борыштық міндеттемелерін Солтүстік Қазақстан облысының әкімі берсін, ал Ақмола облысының әкімі қабылдап алсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ақмола облысы жергілікті атқарушы органының борыштық міндеттемелерінің көлеміне осы қаулының 1-тармағында көрсетілген соманы қоссын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*